

"Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 226 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 мамырда № 20702 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 наурызда электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

Н. Ермекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік күзет қызметі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 226 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы "24" қаңтардағы
№ 28 бұйрығымен
бекітілген

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары (бұдан әрі Қағидалар) Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Әскери есепке алуға:

1) әскери-есептік мамандығы (бұдан әрі ӘЕМ) жоқ әйелдерді;

2) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі Заң) сәйкес әскери міндеттілікті атқарудан босатылған адамдарды;

3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамдарды;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратындарды қоспағанда әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жатады.

3. Әскери есепке алудың мақсаты мемлекеттің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді тиімді пайдалану мүдделерінде олардың бар болуын айқындау болып табылады.

4. Әскери есепке алудың негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын (бұдан әрі азаматтар) әскери қызметке шақыруды және Қазақстан Республикасында жұмылдыру жүргізу жөніндегі

іс-шараларды ұйымдасқан түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасындағы әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер ресурстарының сандық және сапалық құрамдарын айқындау;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтауды және жұмылдыра өрістетуді қамтамасыз ету үшін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар қатарынан әскери мамандарды даярлау және жинақтау болып табылады.

5. Азаматтардың әскери есепте тұру ұзақтығы Заңға сәйкес айқындалады.

Жасы бойынша әскери міндеттілер мынадай есепке алу разрядына бөлінеді:

1) бірінші разрядта мыналар тұрады:

запастағы офицерлер 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) 40 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

2) екінші разрядта мыналар тұрады:

запастағы офицерлер 51-ден 60 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) 41-ден 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

Әскери қызметші әйелдер әскери есепте екінші разрядта тұрады:

запастағы офицерлер 45 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) 35 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

"Старшина", "аға корабль старшинасы", "прапорщик", "мичман",

"аға прапорщик", "аға мичман" әскери атақтары бар әскери қызметтен шығарылған әскери қызметшілер мен запаста тұрған азаматтар 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда, екінші разрядта әскери есепте тұрады.

6. Әскери міндеттілерді әскери есепке алу жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы әскери есепке алуда жұмылдыру кезеңіне, соғыс жағдайына және соғыс уақытына мемлекеттік органдар мен ұйымдарға броньға қойылмаған әскери міндеттілер тұрады.

Арнайы әскери есепке алуда мемлекеттік органдар мен ұйымдарға броньға қойылатын әскери міндеттілер тұрады.

7. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды олардың тұрғылықты немесе уақытша болатын (үш айдан астам мерзімде) жері бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі ЖӘБО) жүзеге асырады. ЖӘБО жоқ елді мекендерде әскери есепке алуды ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі әкімдер) қамтамасыз етеді.

Күндізгі бөлімде оқитын студенттер оқу орнының орналасу орны бойынша ЖӘБО-да әскери есепте тұрады.

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды ұйымдастыруды және қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) жүзеге асырады.

Заңды тұлғалар оларда жұмыс істейтін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар (білім алушылар) бар болған кезде осы Қағидаларға сәйкес әскери есепке алуды жүргізеді. Заңды тұлғалардың әскери есепке алуды жүргізуіне жалпы басшылық жасауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖӘБО-сы жүзеге асырады.

8. Жергілікті атқарушы органдар (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) әскери есепке алуды жүргізу үшін мынадай есеппен есепке алу жұмыскерлерін бөледі:

1) ауданның (республикалық және облыстық маңызы бар қаланың, астананың) ЖӘБО-сын 2500 әскери міндетті мен әскерге шақырылушыға бір есепке алу жұмыскері ;

2) ЖӘБО жоқ елді мекендерде 500 әскери міндетті мен әскерге шақырылушыға бір есепке алу жұмыскері.

9. Әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жылында он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтары ағымдағы жылғы қаңтар – наурызда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына бастапқы әскери есепке қойылуы тиіс.

Медициналық (әскери-дәрігерлік) комиссия әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп таныған азаматтар әскери есепке қабылданбайды.

10. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

1) әскери қызметке шақырылған және әскерге жөнелтілген;

2) әскери және арнаулы оқу орындарына курсант болып қабылданған;

3) Қазақстан Республикасы прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі органдарының (бұдан әрі – құқық қорғау органдары), Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің және арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы есебіне қосылған;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеу үшін сотталған азаматтарды әскери есептен шығарады.

11. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар:

1) өзімен бірге тіркеу туралы куәлігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен жүргізуші куәлігін (ол бар болған кезде) алып, шақырту (шақырту қағазы) бойынша белгіленген уақытта және жерге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына немесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге де органға баруы;

2) жеті жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге де органға тегінің, атының, әкесінің атының (ол бар болған кезде), отбасы жағдайының, денсаулық жағдайының (бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылса), тұратын жерінің, білімінің, жұмыс орны мен лауазымының өзгергені туралы хабарлауы;

3) елді мекенге (әкімшілік ауданға) жаңа тұрақты тұрғылықты жерге немесе уақытша болатын жерге (үш айдан астам мерзімге), сондай-ақ қызметтік іссапарларға, оқуға, демалысқа немесе емделуге (үш айдан астам мерзімге) келген кезде жеті жұмыс күні ішінде әскери есепке қою үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе www.egov.kz "электронды үкімет" веб-порталына (бұдан әрі – портал) жүгінуі;

4) әскери билеті, әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлігі жоғалған (бүлінген) жағдайда телнұсқа алу туралы мәселені шешу үшін жеті жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінуі қажет.

2-тарау. Әскери есепке алу құжаттары

12. Әскери есепке алу құжаттары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың жеке әскери есептік құжаттары, арнаулы мемлекеттік органдар запастағы офицерлерінің жеке құжаттары, негізгі есепке алу құжаттары және анықтамалық сипаттағы құжаттар болып бөлінеді.

13. Жеке әскери есептік құжаттарға мыналар жатады:

1) әскери міндеттілер үшін:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запастағы офицерінің әскери билеті (бұдан әрі – запастағы офицердің әскери билеті);

арнаулы мемлекеттік органдар запастағы офицерінің әскери билеті;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сержанттың, сарбаздың әскери билеті (бұдан әрі – сержанттың, сарбаздың әскери билеті);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы офицердің уақытша куәлігі (әскери билеттің орнына) (бұдан әрі – запастағы офицердің уақытша куәлігі);

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәлігі (әскери билеттің орнына) (бұдан әрі – запастағы сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәлігі);

жұмылдыру, соғыс жағдайы және соғыс уақыты кезеңінде әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы куәлік;

2) әскерге шақырылушылар үшін – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – тіркеу туралы куәлік).

14. Негізгі есепке алу құжаттарына мыналар жатады:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақырылушының жеке ісі (бұдан әрі – әскерге шақырылушының жеке ісі);

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндеттінің есепке алу карточкасы (бұдан әрі – есепке алу карточкасы);

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша № Т-2 нысанындағы жеке карточка (бұдан әрі – жеке карточка);

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы есепке алу карточкасы (бұдан әрі – бастапқы есепке алу карточкасы);

есептік-қызметтік карточка (офицерлер үшін);

әскери міндеттіні арнайы әскери есепке тіркеу туралы хабарлама.

15. Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әліпбилік карточка анықтамалық сипаттағы құжат болып табылады (бұдан әрі – әліпбилік карточка).

16. Әскери есепке алу құжаттары азамат туралы мынадай мәліметтерден тұруға тиіс :

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі ЖСН);
- 2) тегі, аты мен әкесінің аты (ол бар болған кезде);
- 3) әскери атағы;
- 4) туған күні;
- 5) ұлты (адамның тілегі бойынша көрсетіледі);
- 6) тұрғылықты жері немесе уақытша тұру орны;
- 7) отбасы жағдайы;
- 8) білімі;
- 9) жұмыс орны;
- 10) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы;
- 11) негізгі антрометрикалық деректері;
- 12) әскери қызмет өткеруі;
- 13) әскери жиындардан өтуі;
- 14) шетел тілін меңгеруі;
- 15) жүргізуші куәлігінің бар болуы;
- 16) әскери-есептік және азаматтық мамандықтардың бар болуы;
- 17) спорттық разрядтың немесе спорттық атақтың бар болуы.

3-тарау. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу

17. Жыл сайын қаңтар – наурызда тіркеу жылында 17 жасқа толатын ер азаматтар әскерге шақыру учаскелеріне тіркеледі.

Тіркеуді тиісті жергілікті атқарушы органдар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сымен бірлесіп, азаматтарды әскери есепке қабылдау, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау, білім деңгейін, алған мамандығы мен дене шынықтыру дайындығы деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырады және жүргізеді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы деректер негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы әскерге шақыру ресурстарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша алдын ала бөлуді, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі Министрлік) мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша оқыту үшін кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүргізеді және әскери және арнаулы оқу орындарына түсуге ниет білдірген адамдарды іріктейді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді олардың тұрақты тұрғылықты немесе уақытша тұратын жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жүргізеді.

18. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізер алдында ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жыл сайын мынадай дайындық жұмыстарын жүргізеді:

1) жыл сайын 1 қарашаға дейін аудандық (қалалық) статистика органдары және/немесе мемлекеттік кірістер органдары арқылы аудан (қала) заңды тұлғаларының тізбесін нақтылайды;

2) жыл сайын 1 желтоқсанда ауданның (қаланың) заңды тұлғаларынан осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімдерін сұратады (бұдан әрі азаматтардың тізімдері). Әскерге шақыру учаскесіне бұрын тіркеуден өтпеген жасы үлкен азаматтар да осы азаматтар тізіміне жазылады.

3) есепке алу құжаттарының заңды тұлғалардан алынған әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтардың тізімдеріне сәйкес келуін тексереді;

4) тіркелуге тиісті азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жасалған тізімдерін жұмыс немесе оқу орындары бойынша заңды тұлғалардан алынған азаматтардың ұқсас тізімдерімен салыстырады;

5) жыл сайын 25 желтоқсанға дейін салыстырылған тізімдер негізінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге тиіс азаматтардың жиынтық тізімін жасайды;

б) тіркелуге тиіс азаматтарға:

психикалық-неврологиялық, наркологиялық (наркотестілеу нәтижелерімен), туберкулезге қарсы және тері-венерологиялық диспансерлерден (кабинеттерден), АҚТҚ/ЖҚТБ орталықтарынан – олардың есепте тұратыны туралы мәліметтер;

басқа да медициналық ұйымдардан: соңғы он екі ай ішінде созылмалы аурулары мен инфекциялық және паразитарлық ауруларға шалдығу себебі бойынша диспансерлік есепте тұратыны туралы мәліметтер, амбулаторлық пациенттің медициналық картасын, профилактикалық егулер картасын, амбулаторлық, стационарлық наукастанғанның медициналық картасынан үзіндіні, азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын басқа да медициналық құжаттарды, рентгенограммаларды, арнайы зерттеу әдістерінің хаттамаларын;

девианттық мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған орта білім беру ұйымдарынан медициналық-педагогикалық мінездемелерді;

прокуратура органдарынан – қылмыстық жауаптылыққа тартылған, тергеудегі және ішкі істер органдарында алдын алу есебінде тұрған адамдардың тізімдерін;

денсаулық сақтау органдарынан стационарлық (амбулаторлық) зерттеп-тексеру мен емделуге мұқтаж әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды зерттеп-тексеруге және емдеуге бекітіліп берілетін медициналық мекемелердің тізімдерін сұратады.

15-16 жастағы азаматтар, әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс азаматтар, сондай-ақ жұмыс орны бойынша әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар туралы мәліметтерді ЖӘБО мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау арқылы алады.

Сұрау салынған мәліметтерді ЖӘБО мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау арқылы алады.

19. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу бойынша мынадай жұмыс жүргізіледі:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы:

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы үшін азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу іс-шаралары мен мерзімдері туралы ұйымдастыру-әдістемелік нұсқауларын әзірлейді;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы бастықтарымен азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі бір күндік нұсқау беру-әдістемелік сабақтарын өткізеді;

облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) денсаулық сақтау департаменттерімен (басқармаларымен) бірлесіп, азаматтарды медициналық куәландыру үшін денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігер мамандарын тартуды айқындайды;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге дайындық және оны жүргізу жоспарын әзірлейді, онда:

азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу үшін хабардар ету және шақыру мерзімдері;

тізімдерді жасау мерзімі және азаматтардың әскерге шақыру учаскелеріне күндер бойынша келу есептері (күніне 50 адамнан артық емес);

тәрбие және идеологиялық жұмыстар іс-шараларын жүргізу;

әскерге шақыру пункттерінің үй-жайларын қажетті жабдықпен қамтамасыз ету;

тіркелетіндерді медициналық куәландыру үшін дәрігер мамандарды іріктеу;

азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдасқан және сапалы түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін есепке алу жұмыскерлерінің, қызмет көрсететін персонал мен көліктің қажетті санын бөлуге арналған есеп;

тіркеуді жүргізуге тартылатын адамдарға нұсқау беруді өткізу мерзімі көзделеді.

20. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізуге байланысты қажетті шығыстарға өтінімдерді тиісті әкімдіктерге (жергілікті атқарушы органдарға) (бағдарламалар әкімшілеріне) ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жыл сайын 15 қарашаға дейін азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ету үшін жоспарланатын іс-шаралар, ұсыныстар туралы тиісті әкімдерді хабардар етеді.

21. Азаматтарды тіркелуге келу туралы хабардар ету осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шақырту қағаздары арқылы жүргізіледі (бұдан әрі шақырту қағазы), оларды азаматтарға тапсыруды жергілікті атқарушы органдар және заңды тұлғалар тіркелуге келуге белгіленген мерзімге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

22. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы белгілеген мерзімдерде азаматтардың әскерге шақыру учаскелеріне келмеуінің дәлелді себептері:

1) еңбекке қабілетін жоғалтуға байланысты сырқаттануы (жарақаттануы);

2) жақын туысының (заңды өкілінің) қайтыс болуы немесе ауыр сырқаттануы;

3) азаматты өзі келу мүмкіндігінен айырған табиғи сипаттағы кедергілер болып танылады.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталады.

23. Тіркелуден өту үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы шақыртқан барлық азаматтар шақырту қағазында көрсетілген мерзімдерде және құжаттармен әскерге шақыру учаскелеріне келеді.

24. Аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының уәкілетті адамдары азаматтармен әңгімелесулер жүргізеді, олар ұсынған құжаттардың бар болуын және

толықтығын тексереді. Әскерге шақыру пунктінде жұмыс істеу үшін тартылған есепке алу жұмыскерлерлеріне осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақырылушының тіркелетін есепке алу картасын (бұдан әрі әскерге шақырылушының есепке алу картасы) және әскерге шақырылушының жеке ісін толтыру туралы нұсқау береді. Тізім бойынша тіркелуге келген азаматтарды күнделікті есепке алуды жүргізеді.

25. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс барлық азаматтарға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі.

26. Осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына (бұдан әрі хаттамалар кітабы) жиынтық тізімдерге сәйкес әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс барлық азаматтар енгізіледі.

Қосымша медициналық зерттеп-тексеруге жіберілген азаматтар бойынша тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітабына мынадай жазу жазылады: "Қосымша зерттеп-тексеруге жіберілсін (қайда). 20__жылғы "___"_____ тіркелуге қайта келсін".

Тіркеу комиссиялары қосымша зерттеп-тексерулер жүргізу нәтижелері негізінде көрсетілген азаматтар бойынша соңғы шешім қабылдайды, ол туралы комиссияның хаттамалар кітабына қайта жазылады. Егер азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы қорытынды есеп беру жасалғанға дейін жекелеген адамдарды қосымша зерттеп-тексеру аяқталмаған болса, онда көрсетілген адамдар тіркеу туралы есеп беруде әскери қызметке уақытша жарамсыздар тізімі бойынша емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаждар ретінде көрсетіледі.

27. Құжаттарды зерделеу және медициналық куәландыру нәтижелерін ескере отырып, әскерге шақырылуға дейінгімен әңгімелесу негізінде тіркеу комиссиясының хаттамалар кітабына енгізілетін мынадай шешім қабылданады:

- 1) "Әскери қызметке жарамды";
- 2) "Әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамды. Емделуге мұқтаж (ауыз қуысын санациялау, көздің көруін түзету)";
- 3) "Әскери қызметке уақытша жарамсыз. Емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаж";
- 4) "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды";
- 5) "Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз".

Азамат тіркелуге келмеген жағдайда тіркеу комиссиясы келмеу себептерін анықтайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

қайтадан шақыруға шаралар қабылдау туралы;
тіркелуге келмеген азаматтарды іздестіруді ұйымдастыру туралы;
сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдарды тіркеу мерзімдерін кейінге қалдыру туралы.

28. Хаттамаға күнде тіркеу комиссиясының төрағасы және мүшелері қол қояды.

29. "Әскери қызметке уақытша жарамсыз. Емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаж" деген шешім әскери қызметке жарамдылық санатына дейін сауығуы мүмкін сырқаттар анықталған адамдарға қатысты қабылданады.

30. Тіркеу кезінде "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған адамдарға кезекті әскерге шақыру кезінде медициналық куәландырудан өту нәтижелері бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы облыстық әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде сержант, сарбаз әскери билет береді.

Тіркеу кезінде "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған адамдарға ЖӘБО-да әскери билет толтыру кезінде әскерге шақырылушының есепке алу картасына әскери билеттің сериясы мен нөмірін көрсете отырып, белгі қойылады, аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының лауазымды адамы қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен расталады. Әскерге шақырылушының есепке алу картасы растау құжаттарымен бірге жеке іске тігіледі және сақтау үшін архивке беріледі.

31. Емделуге (медициналық бақылауға) мұқтаж әскерге шақырылушылар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында есепке алынады және олар туралы мәліметтер тіркеу аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде әскери қызметке уақытша жарамсыздар тізімі бойынша немесе әскери қызметке шамалы шектеулермен жарамдылар тізімі бойынша емдеу-сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарына беріледі.

Әскерге шақырылушыларды емдеу аяқталғаннан кейін денсаулық сақтау ұйымдары жүргізілген емдеу-сауықтыру іс-шаралары туралы мәліметтерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына ұсынады.

32. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу процесінде:

1) диагностика және емдеу хаттамасына сәйкес оларға осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама (хабарлама) бере отырып, денсаулық сақтау ұйымдарына бекітіліп берілетін емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаж;

2) әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша Министрліктің мамандандырылған ұйымдарында денсаулық жағдайы бойынша оқытуға жарамды, ол туралы әскерге шақырылушының есепке алу картасына жазылады;

3) ол туралы әскерге шақырылушының есепке алу картасында және оны зерделеу парағында көрсете отырып, әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген әскерге шақырылушыларды анықтайды.

33. Тіркеу комиссиясы тіркелуге келген азаматтар санын күн сайын тексереді.

34. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелген азаматтарға ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы азаматқа берілетін әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті толтырады. Әскерге шақырылушының есепке алу картасына және тіркеу туралы куәлігіне осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қабылау және әскери есептен шығару туралы белгі мөртаңбамен қойылады.

35. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

1) барлық азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді толық қамту мақсатында жыл сайын сәуірде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында бар тіркелуден өткен азаматтардың есептік деректерін ауданның (республикалық маңызы бар қаланың, астана және облыстық маңызы бар қаланың) заңды тұлғаларының есептік деректерімен салыстырып тексеру жүргізеді;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында тіркелуден өткен әскерге шақырылушыларға арналған жеке істердің бар болуын тіркеу комиссиясы хаттамалары кітабының, есептік-әліпбилік кітаптың деректерімен және жиынтық тізіммен салыстырып тексереді, ол туралы запасқа жіберілетін әскерге шақырылушылардың тізімін қоса бере отырып, еркін нысанда акт жасайды;

3) әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындылары туралы есеп жасайды және 10 жұмыс күні ішінде оны әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыру нәтижелері, өткен жылмен салыстырғандағы сапалық көрсеткіштер, сондай-ақ дәрігер мамандармен және диагностикалық жабдықпен қамтамасыз етілуі көрсетілетін түсіндірме жазбамен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сына және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктеріне ұсынады.

36. Әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиіс, бірақ тіркелу үшін белгіленген мерзімдерде келмеген азаматтар келмеу себептері анықталғаннан кейін жеке іс ресімдей және есептік-әліпбилік кітапқа енгізе отырып, әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады. Көрсетілген азаматтарды медициналық куәландыру және олардың жарамдылық санатын айқындау оларды әскери қызметке шақыру кезінде жүргізіледі.

37. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы:

1) жүргізілген азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу қорытындылары туралы есеп жасайды, оны түсіндірме жазбамен бірге жыл сайын 15 сәуірге қарай Министрлікке ұсынады;

2) 15 сәуірге дейін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) әкіміне тіркеу қорытындылары жөніндегі ақпаратты ұсынады.

4-тарау. Қазақстан Республикасында әскерге шақырылушыларды есепке алу

38. Әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік-әліпбилік кітап бойынша (бұдан әрі – есептік-әліпбилік кітап) жүргізіледі.

39. Есептік-әліпбилік кітапқа әскерге шақыру учаскесіне тіркелген барлық әскерге шақырылушы, оның ішінде тексеруге (емделуге) жіберілген, тіркеу кезінде әскери қызметке "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған, басқа қорғаныс істері жөніндегі басқармалардан (бөлімдерден) келген, сондай-ақ азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізгеннен кейін келген адамдар енгізіледі.

40. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

1) әскерге шақырылушыларды дербес есепке алуды жүргізеді, әскерге шақырылушыларды әскери есепке қабылдауды және жаңа тұрғылықты жерге кеткен кезде оларды есептен шығаруды ресімдейді;

2) әскерге шақырылушылардың жеке істері мен басқа да әскери есептік құжаттарына отбасы жағдайының, білімінің, мамандығының, жұмыс орнының, тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы мәліметтерді енгізеді;

3) мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушыларды есепке алуды жүргізеді және оларды кейінге қалдыру заңдылығын бақылауды жүзеге асырады;

4) әскери есептік жұмысты жүзеге асыратын адамдармен нұсқау беру-әдістемелік сабақтар өткізеді;

5) жылына бір реттен сирек емес заңды тұлғалардың әскерге шақырылушыларды есепке алуының жай-күйін тексереді және әрбір әскерге шақыру алдында олардың есептік деректерін аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының әскери есепке алу деректерімен салыстырып тексереді;

6) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдерін әскерге шақырылушыларды әскери есепке алудың жай-күйі туралы хабардар етеді және қажет болған кезде бұл мәселені олардың қарауына шығарады.

41. Әскерге шақырылушылардың бар болуын есепке алу және олардың қозғалысын (кетуін, келуін) бақылау үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорғаныс істері жөніндегі

басқармада (бөлімде) әскери есепте тұратын әскерге шақырылушылардың қозғалысын есепке алу журналы жүргізіледі (бұдан әрі есепке алу журналы), онда апта сайын әскерге шақырылушы ресурстардың құрамындағы өзгерістер көрсетіледі.

42. Есепке алу-әліпбилік кітаптар да және жеке істердің бар болуы да әскерге шақырылушылардың санын және олардың қозғалысын көрсетеді. Есепке алу-әліпбилік кітаптардағы және әскерге шақырылушылардың жеке істеріндегі барлық жазбалар мен белгілер тіркеу жөніндегі комиссиялардың және әскерге шақыру комиссияларының тиісті шешімдеріне және жазылған жазбалар мен белгілердің заңдылығы мен негізділігін растайтын басқа да ресми құжаттарға сілтемелер жасай отырып, жүргізіледі.

Есепке алу-әліпбилік кітаптарда және әскерге шақырылушылардың жеке істерінде өшірулер мен расталмаған түзетулерге жол берілмейді. Есепке алу-әліпбилік кітаптардағы және әскерге шақырылушылардың жеке істеріндегі түзетулерге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығы қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен расталады.

43. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында барлық әскерге шақырылушының жеке істері мынадай жүйелілікпен картотекалар бойынша бөлінеді:

1) ағымдағы жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркелгендер (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында және ауылдық округтер бойынша әліпби бойынша);

2) мерзімді әскери қызметке әскерге шақырылуға жататындар, сәуір – маусымда, қазан – желтоқсанда бөлек (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында және ауылдық округтерде әліпби бойынша);

3) әскерге шақыруды кейінге қалдыру құқығы барлар (картотека кейінге қалдыру сипаты бойынша жасалады: "отбасы жағдайы бойынша", "білімін жалғастыру үшін", "денсаулық жағдайы бойынша", "басқа да себептер бойынша");

4) емделуге мұқтаждар;

5) денсаулық жағдайы бойынша бейбіт уақытта жарамсыз және тіркеу кезінде әскери есептен шығарумен жарамсыз деп танылғандар;

6) әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттар;

7) жеке істеріне әлі сұрау салынбаған, жаңа тұрғылықты жерге көшуіне байланысты әскери есептен шығарылғандар (бір айға дейінгі және жеке бір айдан астам мерзіммен);

8) мамандандырылған картотека (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін жасақтау үшін тағайындалған әскерге шақырылушылардың жеке істерін есепке алу);

9) соттылығы барлар.

Жоғарыда көрсетілген картотекалардың әрқайсысындағы жеке істер қатаң әліпби бойынша бөлінеді.

44. ЖӘБО-да әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) есептік-әліпбилік кітапқа әскерге шақырылушы туралы деректер енгізіледі;

2) әліпбилік карточканың 2 данасы толтырылады, оның бір данасы жеке істі алғанға дейін жеке папкада сақталады, ал екіншісі әскери есепке алынған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның жеке ісін жолдау туралы сұрау сала отырып, әскерге шақырылушының бұрынғы әскери есепке алынған жері бойынша ЖӘБО бастығына жолданады. Сұрау салуда әскери есептен шығару себептері және жаңа тұрғылықты тұратын мекенжайы көрсетіледі;

3) әскерге шақырылушылардың жеке істерін алғанға дейін олар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында сақталатын әліпбилік карточкалар бойынша есепке алынады және есеп берулерді жасау кезінде бұл адамдар әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар қатарына қосылады;

4) портал арқылы жүгіну жағдайын қоспағанда, тіркеу туралы куәлікке мөртаңбамен әскери есепке қабылдау туралы белгі қойылады;

5) әскерге шақырылушының жеке ісі келіп түскен кезде есептік-әліпбилік кітапқа және есепке алу картасына тиісті белгі қойылады.

Келіп түскен жеке іс тексерілгеннен кейін тиісті картотекаға орналастырылады. Әліпбилік карточка еркін түрде акт ресімдей отырып, жойылады.

45. Жазасын өтеу орнынан босатылған адамдар, олар жазасын өтеген соң келген ЖӘБО-да бұдан бұрын әскери есепте тұрса, онда олардың жеке істері қалпына келтіріледі. Бұдан бұрын басқа ЖӘБО-да әскери есепте тұрған адамдардың жеке істері сол ЖӘБО-дан сұратылады, ал сотталғанға дейін әскери есепте тұрмаған адамдарға жеке істер мен басқа да құжаттар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ресімделеді.

Екі және одан да көп соттылығы бар әскерге шақырылушылар әскери міндеттілердің есебіне беріледі.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ауыр құқық бұзушылықтарға жататын баптары бойынша сотталған әскерге шақырылушылар әскери міндеттілердің есебіне беріледі.

46. "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған әскерге шақырылушылар бейбіт уақытта әскери-дәрігерлік сараптама қағидаларына сәйкес медициналық қайта куәландырудан өтеді.

47. Әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы бастығының немесе оның орнындағы адамның шешімімен жүзеге асырылады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару мынадай тәртіппен жүргізіледі:

жаңа тұрғылықты жері бойынша әскерге шақырылушының жеке ісін жолдау туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы бастығының сұрау салуы бойынша

картотекадан әскерге шақырылушының жеке ісі алынады, әскерге шақырылушының есепке алу картасына кеткен күні мен жерінің мекенжайын көрсете отырып, әскери есептен шығарылғаны туралы белгі қойылады, сұрау салу ЖӘБО-ның тиісті ісіне тігіледі, ол бір жыл сақталады;

есептік-әліпбилік кітапта әскери есептен шығарылған күні, әскерге шақырылушының қай ауданға, қалаға немесе елді мекенге кеткені көрсетіледі, күні, шығыс нөмірі және ол жолданған ЖӘБО көрсетіліп, әскерге шақырылушының жеке ісін жолдау туралы белгі қойылады.

48. Мерзімді әскери қызметке жөнелтілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы облыстық жиын пунктіне (бұдан әрі ОЖП) жолдаған мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтардың атаулы тізімдерінің екінші даналары негізінде жүргізіледі.

ОЖП-да толтырылатын атаулы тізімде әрбір әскерге шақырылушының тегінің тұсына жөнелтілген күні және команданың нөмірі көрсетіледі. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына қайтарылған әскерге шақырылушыларға қайтару себебі көрсетіледі. Әскерге шақырылушыларды жөнелту және қайтару туралы белгіге ОЖП бастығы қол қояды және облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) ЖӘБО-сының елтаңбалы мөрімен расталады. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізімдердің екінші даналары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында қызметтік құжаттарды есепке алу журналы бойынша есепке алынады.

Мерзімді әскери қызметке жөнелтілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару кезіндегі аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы жұмысының жүйелілігі:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізімдер негізінде әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылушылардың жеке істері іріктеліп алынады;

2) әскерге шақырылушының есепке алу картасында команданың нөмірі мен әскерге шақырылушының әскери бөлімге жөнелтілген күні көрсетіледі (жазбаға аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының лауазымды адамы қол қояды);

3) есептік-әліпбилік кітапта "Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскерге шақыру туралы белгі" деген бағанда жөнелтілген күні мен команда нөмірі көрсетіледі;

4) әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылушылардың жеке істері әскерге шақыру аяқталғаннан кейін архивке тапсырылады, онда әскерге шақырылушының есепке алу карталарымен бірге сақталады;

5) есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі қойылады.

49. Әскери немесе арнаулы оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару әскери немесе арнаулы оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан үзінділер негізінде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушының есепке алу картасында әскери немесе арнаулы оқу орнының атауын, қабылданған күнін, әскери немесе арнаулы оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының нөмірін және жеке істі сақтау орнын көрсете отырып, әскери немесе арнаулы оқу орнына қабылдау туралы жазба жазылады;

2) есептік-әліпбилік кітапта әскери немесе арнайы оқу орнының атауын, қабылданған күнін, әскери немесе арнаулы оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының нөмірін көрсете отырып, әскери немесе арнаулы оқу орнына қабылдау туралы жазба жазылады;

3) әскери немесе арнаулы оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылушылардың жеке істері архивке тапсырылады;

4) әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу және әскери есептен шығару жөніндегі іске аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы лауазымды адамының әскери есептен шығару туралы белгісі бар әскери немесе арнаулы оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан үзінділер тігіледі.

50. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеу үшін сотталған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару сот органдарының жазбаша хабарламалары негізінде жүргізіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына соттылығы туралы хабарлама келіп түскен кезде картотекадан сотталған адамның жеке ісі алынады. Әскерге шақырылушының есепке алу картасына және есептік-әліпбилік кітапқа соттың атауын, шешім шығарылған күнді, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарын және әскерге шақырылушыны жазалау мерзімдерін көрсете отырып, әскери есептен шығару туралы белгі қойылады. Үкімнің көшірмесі немесе сот органдарының хабарламасы әскерге шақырылушының жеке ісіне тігіледі, ол архивке тапсырылады және олар 27 жасқа толғанға дейін сақталады.

Есептік-әліпбилік кітапқа жеке істі сақтау орны туралы белгі қойылады.

51. Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен жоғары оқу орындарының студенттері әскери есепке алу орны бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында запастағы офицерлердің әскери есебіне беріледі.

Әскери кафедралар офицерлер құрамына аттестатталған студенттерге:

тіркеу туралы куәлікке "Әскери даярлықтан өтті (білім беру ұйымының атауы). Офицерлер құрамына аттестатталды" деген жазба жазады, оған әскери кафедра бастығы қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен расталады;

әскери есепке алу орны бойынша ЖӘБО-ға жолданатын офицердің жеке ісі қалыптастырылады, онда мынадай негізгі құжаттар болады: қызметтік карта, нөмірмен

есепке алу карточкасы, жетон, аттестаттау парағы, офицер атағын беруге ұсыным, мінездеме, офицер атағын беру туралы бұйрықтан үзінді;

осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери есепке алу орны бойынша ЖӘБО-ға атаулы тізім жолдайды.

ЖӘБО:

студенттердің жеке істері мен атаулы тізімін алған кезде, көрсетілген әскерге шақырылушыларды запастағы офицерлердің әскери есебіне береді;

әскерге шақырылушының есепке алу картасына офицер атағын беру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін, атаулы тізімнің тіркеу нөмірін жазады және одан кейін оны архивке тапсырады;

есептік-әліпбилік кітапқа офицер атағын беру туралы, әскери атақ беру туралы бұйрықтың нөмірі мен күні және әскерге шақырылушының есепке алу картасын сақтау орны туралы жазба жазылады.

Офицер құрамының әскери атағы берілген студенттер запастағы офицер әскери билетін алады.

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткенін растау үшін қажет болған жағдайда азаматтарға, олардың өтініштері бойынша оқу орындарының әскери кафедралары осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі.

52. Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды деп танылған, сондай-ақ Заңның 36-бабында көзделген себептер бойынша бейбіт уақытта әскери қызметке шақыру бойынша әскери қызметке шақырудан босатылған әскерге шақырылушылардың әскери есебінен әскери міндеттілердің есебіне беру облыстық әскерге шақыру комиссиясының шешімімен расталған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде жүргізіледі.

Әртүрлі себептер бойынша, 27 жасқа толуы бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған және шақырту бойынша әскерге шақыру комиссияларына келмеген азаматтар медициналық куәландырудан өткізусіз аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссияларының шешімімен әскери міндеттілер есебіне беріледі. Әскери қызметке жарамдылығы олар ЖӘБО-ға келген кезде айқындалады.

Жоғарыда көрсетілген әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскерге шақырылушылардың әскери есебінен әскери міндеттілер есебіне беру кезінде аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінді жасалады және ол әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабымен және әскерге шақырылушының есепке алу картасымен бірге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығына қол қоюға ұсынылады.

Әскерге шақырылушының жеке ісі аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының хаттамасынан үзіндімен бірге әскери билет толтыру үшін әскери міндеттілерді есепке алу бөліміне беріледі.

Әскерге шақырылушыны әскерге шақырылушылардың әскери есебінен әскери міндеттілер есебіне беру туралы тиісті белгі есептік-әліпбилік кітапқа қойылады.

53. Қабылданған шешімдердің заңдылығын растайтын құжаттар салынған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен әскери міндеттілер есебіне берілген әскерге шақырылушылардың барлық есепке алу карталары әліпби бойынша қойылады, істер (көктемгі және күзгі әскерге шақыру үшін бөлек) ресімделеді, олар 10 жыл бойы жеке істерден бөлек сақталады.

54. Қайтыс болған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару азаматтық хал-ахуал актісін тіркеу (бұдан әрі - АХАТ) бөлімдерінен алынған қайтыс болған күнін және актілік жазба нөмірін көрсете отырып, қайтыс болғаны туралы жазбаша хабарламалар негізінде жүргізіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында алғашқы есепке алу карточкаларында қайтыс болғаны туралы актілік жазбаның нөмірін көрсете отырып, белгі қойылады, содан кейін карточкалар есептен шығарылғандар және алып тасталғандар картотекасына ауыстырылады.

Қайтыс болған күні мен жазбаны куәландыратын құжатты көрсете отырып, әскерге шақырылушының есепке алу картасына және есептік-әліпбилік кітапқа қайтыс болған әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару туралы жазба жазылады. Жеке іс архивке тапсырылады, онда бір жыл сақталады және акті ресімдей отырып, жойылады.

55. Қазақстан Республикасының азаматтығын алған және басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткермеген 27 жасқа дейінгі адамдар осы Қағидаларға сәйкес әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады.

56. ЖӘБО жоқ елді мекендерде әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды әкімдер осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың аумағында тұрып жатқан әскерге шақырылушылар тізімі бойынша қамтамасыз етеді.

57. Әскери есепке алуды қамтамасыз ету үшін әкімдер:

1) олардың аумағына тұрақты тұруға немесе уақытша болуға (үш айдан астам мерзімге) келетін (басқа ауданға, қалаға көшіп кететін) әскерге шақырылушылардың есебін жүргізеді;

2) ЖӘБО-мен жылына екі реттен сиретпей есепте тұрған әскерге шақырылушылардың тізімдерін есепте тұру мәніне салыстырады;

3) әскерге шақырылушыларды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына шақыртулар туралы хабардар етеді және олардың осы шақырту бойынша көрсетілген пункттерге және мерзімдерде уақтылы баруына жәрдемдеседі;

4) әскерге шақырылушылардың тізімдеріне білімі, жұмыс орны, лауазымы, отбасы жағдайы туралы өзгерістер енгізеді және ол туралы ай сайын 25-і күні ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына хабарлайды;

5) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына 15-16 жастағы азаматтардың тізімдерін, ал 1 желтоқсанға дейін әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиісті азаматтардың тізімдерін ұсынады;

6) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіреді және олардың осы Қағидаларда белгіленген нормаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

58. Барлық әскерге шақырылушыларға тізім жасалады және әліпбилік карточкалар толтырылады. Көрсетілген құжаттарды толтыру тіркеу туралы куәліктердегі жазбалармен дәлме-дәл сәйкестікте жүргізіледі, бұл ретте білімі, жұмыс орны, лауазымы, тұрғылықты жері мен отбасы жағдайы туралы мәліметтер олармен жеке әңгімелесуде олар нақтыланғаннан кейін жазылады. Дұрыс емес жазбалар анықталған жағдайда әскери есепке қою ресімделгеннен кейін тіркеу туралы куәлік тиісті өзгерістерді енгізу үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сын жолданады.

5-тарау. Қазақстан Республикасында әскери міндеттілерді есепке алу

59. Әскери есепке алуды ЖӘБО әліпбилік және есепке алу карточкалары бойынша жүзеге асырады.

60. Алты айдан астам мерзімге Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге уақытша шығатын әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар әскери есептен шығарылады.

Запастағы офицерлердің, сержанттардың, сарбаздардың әскери билеттері, уақытша куәліктері және тіркеу туралы куәліктері ЖӘБО-да сақталады.

Мемлекеттік шекарадан өту кезінде көрсетілген азаматтар Қазақстан Республикасының шегінен тыс кету немесе Қазақстан Республикасының аумағына келу күні туралы белгі қою үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкілдеріне өтініш жасайды.

61. Қазақстан Республикасына қайтып оралғаннан кейін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жеті жұмыс күнінен кешіктірмей кес әскери есепке тұрады.

62. Тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кететін азаматтар әскери есептен шығады, бұл ретте әскери билеттері немесе тіркеу туралы куәліктері Мемлекеттік корпорацияға, немесе кетер кезінде көші-қон полициясы органына тапсырылады.

63. ЖӘБО азаматтың өтініші бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен азаматтың әскери қызметке қатысы туралы және әскери қызмет өткеруін растау туралы анықтамалар береді.

64. Запастағы офицер, запастағы сержанттар мен сарбаздар уақытша куәлігі оның иесінің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында әскери есепте тұрған азаматтар санаттарына тиесілігін растайтын жеке есепке алу-әскери құжаты болып

табылады. Ол әскери билетті жоғалтуға байланысты уақытша есепке алынған адамдарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орнынан, шетелдік іссапардан келген адамдарға себептерін (мән-жайларды) анықтағанға дейін беріледі.

Барлық мән-жайларды (себептерді) анықтау кезеңінде запастағы офицерлерге, сарбаздарға (матростарға), сержанттарға (старшиналарға) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы запастағы офицердің, сержанттар мен сарбаздардың уақытша куәлігін толтырып береді.

Запастағы офицер, сержанттар мен сарбаздар уақытша куәлігінің қолданылу мерзімі әскери билетті жоғалту мән-жайларын объективті түрде тексеру және тиісті әскери міндеттіге алты айдан асырмай жаңа әскери билет беру немесе басқа да қорғаныс істері жөніндегі басқармадан немесе бөлімнен (бұдан әрі – ҚІБ(Б)) жаңа әскери билет алу үшін құқық беретін негіздемелерді анықтау үшін қажетті тексеру кезеңімен айқындалады.

65. Жұмылдыру нұсқамаларын немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан шақырту қағазын алған әскери міндеттілер оларда көрсетілген талаптарды орындайды.

66. ЖӘБО жоқ ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері алғашқы есепке алу карточкалары бойынша әскери міндеттілерді әскери есепке алуды қамтамасыз етеді.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігінде алғашқы есепке алу карточкасынан картотека жасалады, ол жұмылдыру бойынша шақыруға тағайындалған және шығарылған (кеткен) әскери міндеттілерді жалпы есепке алу картотекасы деп бөлінеді және әскери міндеттілердің құрамы бойынша (офицерлер, сержанттар мен сарбаздар) оның ішінде туған жылдары мен әскери-есептік мамандықтары бойынша әліпбилік қатармен жасалады. Кеткендерге, қайтыс болғандарға арналған алғашқы есепке алу карточкалары бір жыл бойы сақталады.

Әкімдер олардың аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын әскери міндеттілерді есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

67. Әскери есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында әкімдер:

1) тұрғылықты тұратын әскери міндеттілердің нақты бар болуын және әскери есепте тұруын нақтылау мақсатында аулалар бойынша аралап-тексеруді жүзеге асырады;

2) жылына бір реттен сиретпей аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының салыстырып-тексеру графигіне сәйкес есепте тұрған әскери міндеттілердің алғашқы есепке алу карточкаларын аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының есептік деректерімен салыстырып-тексереді, ол туралы алғашқы есепке алу карточкасына белгі қойылады;

3) әскери міндеттілерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына шақырту туралы хабардар етеді және олардың осы шақырту бойынша көрсетілген пункттерге және мерзімдерде уақтылы баруына жәрдемдеседі;

4) ай сайын 25-і күні ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына олардың аумағына тұрғылықты немесе уақытша (үш айдан астам мерзімге) тұруға келген, тұрғылықты тұруға басқа жерге немесе уақытша болу (үш айдан астам мерзімге) орнына кеткен, есепке алу деректерін өзгерткен, қайтыс болған әскери міндеттілердің тізімін осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады;

5) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіреді және олардың осы Қағидаларда белгіленген нормаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

6) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына оларды әскери есептен шығару үшін запаста тұрудың шекті жасына толған әскери міндеттілердің әскери билеттерін ұсынады;

7) АХАТ органдарынан қайтыс болуы туралы хабарлама келіп түскен қайтыс болған әскери міндеттілердің алғашқы есепке алу карточкаларына қайтыс болуы туралы акт жазбасының нөмірін көрсете отырып, белгі қойылады, одан кейін карточкалар есептен шығарылғандар мен алып тасталғандар картотекасына ауыстырылады.

68. Әкімдер олардың аумағына тұрақты немесе уақытша (үш айдан астам мерзімге) тұруға келген барлық әскери міндеттілерде, оларды тұрғылықты орны бойынша әскери есепке қабылдау туралы белгілердің бар болуын әскери билеттері (уақытша куәліктері) бойынша тексереді.

Барлық әскери міндеттілерге алғашқы есепке алу карточкалары толтырылады. Көрсетілген құжаттарды толтыру әскери билеттердегі, уақытша куәліктердегі жазбалармен дәлме-дәл сәйкестікте жүргізіледі, бұл ретте білімі, жұмыс орны, лауазымы, тұрғылықты жері мен отбасы жағдайы туралы мәліметтер оларды растайтын құжаттарды ұсына отырып, жеке әңгімелесуде нақтыланғаннан кейін жазылады.

Әскери міндеттілердің әскери есепке алу құжаттарында расталмаған түзетулер, деректердің жеке басын куәландыратын құжатпен сәйкес келмеуі, қолдан жасау, парақтар санының толық болмауы анықталған кезде немесе әскери есепке алу құжаттары болмаған кезде әкімдер тиісті шаралар қабылдау үшін әскери міндеттілерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына жібереді. Әскери билеттерді алу қажет болған жағдайда әскери міндеттілерге осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат беріледі (бұдан әрі қолхат).

69. Тағайындалған әскери міндеттілерге шақыртулар келіп түскен жағдайда, алғашқы есепке алу карточкасы тиісті бағандарды толтыра отырып, тағайындалғандардың картотекасына ауыстырылады.

Әскери міндеттілерден тағайындалуды алу, әскери міндеттілердің тұрақты немесе уақытша (үш айдан астам мерзімге) тұруға басқа жерге кетуі кезінде және қайтыс болғанда алғашқы есепке алу карточкасы тиісті картотекаға ауыстырылады.

70. Әскери міндеттілерге арналған алғашқы есепке алу карточкалары мен әскери есепке алуға қатысты басқа да бланкілер бөгде адамдардың қолы жетпейтін сейфтерде (темір шкафтарда) сақталуы тиіс.

5-тарау. Заңды тұлғалардың әскери есепке алуды жүргізуі

71. Заңды тұлғалар әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жеке карточкалар бойынша жүзеге асырады. Әскерге шақырылушыларға қосымша осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімді әскери қызметке дайындауға тиісті азаматтардың тізімі жүргізіледі.

72. Заңды тұлғалардың әскери есепке алуды жүзеге асыруы үшін бірінші басшының бұйрығымен әскери есепке алуды жүргізуге жауапты адамдар тағайындалады, оларға:

1) жұмысқа (оқуға) қабылдау кезінде әскери міндеттілерде әскери билеттердің немесе уақытша куәліктердің, ал әскерге шақырылушыларда тіркеу туралы куәліктердің бар болуын тексеру. Көрсетілген құжаттарды алу қажет болған жағдайда азаматтарға қолхат беріледі;

2) жұмысқа (оқуға) қабылданатын азаматтардың әскери есепте тұруын айқындау. Әскери есепте тұрмаған әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұрғаннан кейін жұмысқа (оқуға) қабылданады;

3) жұмыс істейтін (білім алатын) азаматтардың толық және сапалы әскери есепке тұруын қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдарға және ұйымдарға әскери міндеттілерді броньға қоюды ресімдеу;

5) азаматтардың шақырту (шақырту қағазы) бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына уақтылы баруына мүмкіндік беру;

6) осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндеттілерді, әскерге шақырылушыларды әскери есепке алудың және броньға қоюдың жай-күйін тексеру журналын жүргізу жүктеледі.

73. Запаста тұрудың шекті жасына толған азаматтардың немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтардың жеке карточкаларына "Жасы бойынша әскери есептен шығарылды" немесе "Денсаулық жағдайы бойынша әскери есептен шығарылды" деген белгі қойылады.

74. 15-16 жастағы азаматтар туралы, әскерге шақыру учаскелеріне тіркелуге тиісті азаматтар туралы, сондай-ақ әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың

жұмыс орындары жөніндегі мәліметтерді ЖӘБО мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасау арқылы алады.

7-тарау. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ерекшеліктері

75. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын әскери есептен шығару ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында әскери билеттерді немесе тіркеу туралы куәліктерді және осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада құқық қорғау және арнаулы органдардағы лауазымдарға қабылданған азаматтардың атаулы тізімдерін қоса бере отырып, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша органдар уәкілетті адамдарының қолдаухаты бойынша жүргізіледі. ЖӘБО-ға қолдаухаттарды жолдауды құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке тұру туралы бұйрық шығарылған сәттен үш жұмыс күнінен кешіктірмей құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы әскери есепке алу құжаттарына әскерге шақырылушының есепке алу картасына және есептік-әліпбилік кітапқа, ал әскери міндеттілердің есепке алу карточкасына және әліпбилік карточкасына құқық қорғау органы басшысы бұйрығының нөмірі мен күнін көрсете отырып, әскери есептен шығару туралы белгі қояды.

Әскерге шақырылушының жеке ісі архивке тапсырылады және ол 27 жасқа толғанға дейін сақталады. Есептік-әліпбилік кітапқа жеке істі сақтау орны туралы белгі қойылады.

Әскери есептен шығару туралы белгісі бар әскери билеттер немесе тіркеу туралы куәліктер, атаулы тізімдердің бір данасы, ал запастағы офицерлердің жеке істері мен қызметтік карталары қолдаухат жолдаған органдарға қайта жолданады.

76. Азаматтарды құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына шығару кезінде кадрлар бөлімшелері оларға тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұру үшін жеті жұмыс күні ішінде бару қажет екенін көрсете отырып, осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқама береді.

Құқық қорғау органдарының кадрлар қызметі оларды шығару туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап, ал арнаулы мемлекеттік органдардың кадрлар қызметі оларды жеке құрам тізімдерінен шығару туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап үш

жұмыс күнінен кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сын жазбаша хабардар етеді, ал запастағы офицерлер қатарындағы азаматтарға одан басқа жеке іс (қысқартылған) жолдайды.

77. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған азаматтар, сондай-ақ оқудан шығарылған және (немесе) келісімшартты бұзған, бірақ 27 жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың арнаулы (әскери) оқу орындарының курсанттары, тыңдаушылары тұрғылықты жері бойынша әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады және кейіннен әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады.

Арнаулы (әскери) оқу орындарынан шығарылған, сондай-ақ қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан қызметкерлер, егер олар әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермесе тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою үшін жіберіледі және кейіннен жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады.

78. ЖӘБО-да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлер мен әскери қызметшілерді әскери есепке алуды жүргізу негізгі есепке алу құжаттарын жеке картотекаларға бөле отырып жүргізіледі.

79. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан және Қазақстан Республикасының сыртқы барлау бөлімшелерінен басқа, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың басшылары жыл сайын 1 ақпанда (ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) салыстырып-тексеру үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген органдарда қызмет өткеретін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға арналған атаулы тізімдерді жолдайды.

8-тарау. Жұмыс сипаты мен жағдайына байланысты тұрақты тұрғылықты жерінен кеткен немесе шалғай жерлерде жұмыс істейтін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ерекшеліктері

80. Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, осы кемелер олардың порттарына тіркелген елді мекендерде тұрақты тұратын азаматтар тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұрады.

Теңіз және өзен кемелерінде жұмыс істейтін, осы кемелер олардың порттарына тіркелген елді мекендерде тұрақты тұрмайтын азаматтар тиісті кеме шаруашылығы мен басқармалардың кадрлар бөлімшелері орналасқан жер бойынша әскери есепте тұрады.

81. Жұмыс түрі бойынша ұдайы орын ауыстырумен байланысты далалық геологиялық және топографиялық-геодезиялық ұйымдарда, іздестіру, барлау, түсіру,

гидрогеологиялық, геофизикалық, орман және жерге орналастыру экспедицияларында, желілік құрылыс-монтаждау және мамандандырылған поездарда, жол және машина станцияларында, механикаландырылған және мамандандырылған жылжымалы лектерде, тоннельдік, көпір салу, жүзу жасақтарында (учаскелерінде), құрылыс-монтаждау және іске қосу-реттеу ұйымдарында, механикаландыру және суасты-техникалық жұмыстар басқармаларында, мұнай және газ өндіру кәсіпорындарында жұмыс істейтін және жұмыс орындарында тұрақты тұрмайтын азаматтар осы ұйымдардың кадрлар органдары орналасқан жер бойынша әскери есепке алуды жүзеге асыратын органдарда әскери есепте тұрады. Көрсетілген ұйымдар жұмысқа қабылдайтын әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қоюды немесе жұмыстан шығарылатын әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығаруды көрсетілген ұйымдардың әкішілігі жеке карточка бойынша жүзеге асырады.

9-тарау. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ жеке әскери есептік құжаттарды беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

82. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ЖӘБО арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру;

запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару;

азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру;

әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру.

83. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы электрондық нысанда өтініш жасай алады.

84. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш жасаған кезде құжаттар топтамасының қабалданғаны туралы қолхат беріледі немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі аяқталған құжаттарды ұсынған жағдайда осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет көрсету процесінің сипатынан, нысанынан, мазмұны мен нәтижесінен, сондай-ақ өзге де мәліметтерден тұратын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі мынадай мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары нысанында жазылған:

әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру осы Қағидаларға 31-қосымшада;

запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру осы Қағидаларға 32-қосымшада;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару осы Қағидаларға 33-қосымшада;

азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру осы Қағидаларға 34-қосымшада;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру осы Қағидаларға 35-қосымшада;

әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру осы Қағидаларға 36-қосымшада.

85. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, туу туралы, некеге тұру туралы, балаларының туу туралы, білімі туралы, тұрғылықты жері немесе уақытша келген жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының әскери атағын қалпына келтіру туралы сот қаулысын Мемлекеттік корпорация жұмыскері мен көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші аталған құжаттардан басқа қосымша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден графикалық файл түріндегі көлемі 30x40 мм цифрлық фотосуретті және көрсетілетін қызметті алушының айыппұлды төлегені туралы электрондық түбіртеккі алады.

86. Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, өтініштің қабылданғаны туралы немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі аяқталған құжаттарды ұсынған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жолдайды.

87. "Әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі тіркеу туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарату:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

бұдан бұрын он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін әскери есепке тұрмаған және әскерге шақыру учаскесіне тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында жазба болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы ақпарат жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады (порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорация филиалы арқылы).

88. "Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 8 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарату:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

27 жасқа толмаған, денсаулық жағдайы бойынша әскери міндеттілердің әскери есебіне беруге жататын, 27 жасқа толған, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға (босатуға) байланысты әскери қызмет өткермеген және осы

ЖӘБО-да әскери есепте тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе әпке-қарындасы) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған, ғылыми дәрежесі бар, тіркелген діни бірлестіктерде дін қызметшісі болып табылатын адамдар санаттары үшін әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында жазба болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы ақпарат жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады (порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорация филиалы арқылы).

89. "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар:

1) әскери есепке қою үшін:

осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді (әскерге шақырылушылар қатарындағы азаматтар үшін);

осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді (офицерлер, сержанттар, сарбаздар қатарындағы азаматтар үшін);

2) әскери есептен шығару үшін осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 4 (төрт) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған кезде әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың жеке әскери есептік құжаттарына белгіленген үлгідегі мөртаңбамен белгі қою;

2) Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасаған кезде осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша шыққан (6 айдан астам уақытқа), Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін келген запастағы офицерлер, сержанттар, сарбаздар қатарындағы азаматтарға;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан, Мемлекеттік күзет қызметінен және құқық қорғау органдарынан запасқа шығарылған офицерлер, сержанттар, сарбаздар қатарындағы азаматтарға (әскери билет немесе әскери билеттің орнына берілетін уақытша куәлік болмаған кезде);

білім беру ұйымдарын бітірген және офицер әскери атағын бере отырып, офицерлер құрамына аттестатталған азаматтарға;

тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде жеке әскери есептік құжатын жоғалтқан запастағы офицерлер, сержанттар, сарбаздар қатарындағы азаматтарға жергілікті әскери басқару органына әскери есепке қою туралы анықтамалар беру;

3) 6 айдан астам мерзімге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығатын әскери қызметшілер мен әскерге шақырылушылар қатарындағы азаматтарға әскери билетін (тіркеу туралы куәлігін) қабылдау туралы колхат беру;

4) порталға өтініш жасаған кезде осы Қағидаларға 43 және 44-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға әскери есепке қою және одан шығару туралы хабарлама;

5) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жүзеге асырылады.

90. "Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтама беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

91. "Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға 3 (үш) данада анықтама беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Порталға өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті ҚР ІІМ көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – КП АЖ) арқылы алу кезінде "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілуі мүмкін.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін құрамға кіретін мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ҚР Қорғаныс министрлігінің интеграциялық шлюзіне КП АЖ-дан сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі, оның нәтижесі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға КП АЖ-жа ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында анықтама жолдау болып табылады.

92. "Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес нысанда Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат немесе бір жолғы пароль нысанында, не сұрау салу жолдау арқылы (көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі мобильді байланыс операторы ұсынған порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда) өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы алу кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің ЭЦҚ куәландырылған (қойылған) электрондық құжат (көрсетілетін қызметті алушының сұрау салуы) нысанындағы өтініш "электрондық үкімет" шлюзі арқылы көрсетілетін қызметті беруші ҚМ ИШ-ға жолданады.

ҚМ ИШ-да сұрау салуды өңдеу 5 минут ішінде жүзеге асырылады.

ҚМ ИШ-да мәлімет бар болған кезде осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында анықтама беріледі.

Анықтама беру үшін қажетті ақпарат пен мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеуді және оны орындау үшін жауапты орындаушыға береді. Бұл ретте осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен

көрсетілетін қызметті алушыны және Мемлекеттік корпорацияны 1 (бір) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар ете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ұзартылады.

Қызмет көрсету мерзімі:

Қазақстан Республикасының тиісті органдарынан растауды алу қажет болған кезде 30 (отыз) жұмыс күніне дейін;

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивтерінен ақпарат алу қажет болған кезде 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Көрсетілген мерзімдер аяқталған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтама, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органнан теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі Мемлекеттік корпорация, портал арқылы жүзеге асырылады.

93. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

94. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын (не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілінің) құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

95. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жолдайды.

96. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингі ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

10-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

97. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысына, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу саласында мемлекеттік басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жасалады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілген қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысына, не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға жасалады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері запастағы офицерінің әскери билеті

**ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ**



Қазақстан Республикасы
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ
запастағы офицерінің
ӘСКЕРИ БИЛЕТІ

ВОЕННЫЙ БИЛЕТ
офицера запаса
ВООРУЖЕННЫХ СИЛ
Республики Казахстан

мұқабаның 1-ші беті / стр. 1 обложки

**ӘСКЕРИ БИЛЕТ
ВОЕННЫЙ БИЛЕТ**
АА № 000000

_____ /тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)/
/фамилия, имя и отчество (при его наличии)/

Жеке № _____
Личный

Фотосурет
үшін орың

(келемі 3x4)

Место для
фотографии

М.О/М.П. _____

/жеке қолы/
/личная подпись/

мұқабаның 2-ші беті /стр. 2 обложки

АА № 000000

1. Туған жылы, айы, күні және жері, _____

Число, месяц, год и место рождения

2. Ұлты _____

Национальность (қалауы бойынша көрсетілсін)

3. Әскери билет берілді _____

Военный билет выдан

_____ (ҚІБ (Б) атауы) (наименование У(О)ДО)

_____ (аудан, қала, облысы) (район, город, область)

ҚІБ (Б) бастығы

Начальник У(О)ДО

М.О/М.П. _____

_____ (әскери атағы) (воинское звание)

АА № 000000

12. Запасқа немесе отставкаға шығарылды
Уволен в запас или отставку
(асты сызылсын/подчеркнуть)

бұйрығымен/приказом

(ҚІБ (Б) бастығының қолы)
(подпись начальника У(О)ДО)

М.О/М.П. 20__ ж/г. «__»

АА № 000000

13. Кейіннен кезекті әскери атақтар беру
Последующее присвоение очередных воинских
званий

Әскери атақ _____
Воинское звание

от 20__ ж/г. «__» _____ № _____ бұйрығымен
берілді/присвоено приказом

Қолы
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20__ ж/г. «__» _____ № _____ бұйрығымен
берілді

Қолы
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

9-бет / стр. 9

АА № 000000

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20__ ж/г. «__» _____ № _____ бұйрығымен
берілді

Қолы
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20__ ж/г. «__» _____ № _____ бұйрығымен
берілді

Қолы
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

9. 10-бет / стр. 9. 10

АА № 000000

14. Запаста қызмет өткеруі
Прохождение службы в запасе

Прошел сборы в 20__ ж/г.
при _____ жанында
(бөлімнің атауы) (наименование части)

Лауазымы _____
По должности

ӘЕМ _____
ВУС _____
бойынша «__» күндік/дней/ жиыннан етті

Қолы
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

11, 12, 13, 14, 15-беттер / стр. 11, 12, 13, 14, 15

АА № 000000

15. Жұмылдыру нұсқамасын беру және алу туралы белгі

Отметка о выдаче и изъятии мобилизационного предписания

16, 17, 18, 19, 20, 21-беттер / стр. 16, 17, 18, 19, 20, 21

АА № 000000

16. Қарулы Күштерге әскерге шақыру туралы және лауазымға тағайындау туралы белгі

Отметка о призыве в Вооруженные Силы и назначении на должности

20__ ж/г. «__» _____ Қарулы Күштерге әскерге шақырылды/призван в Вооруженные Силы

_____ (КІБ(Б) атауы) (наименование У(О),ДО)

_____ (аудан, қала, облыс) (район, город, обл.)

и зачислен в команду № _____ командаға қабылданды

Телқұжат (куәлік) _____

Паспорт (удостоверение) _____

_____ (тапсырылды, тапсырылған жоқ) (сдан, не сдан)

Жеке немірі _____

Личный номер _____ (берілді, берілген жоқ)

_____ (вручен, не вручен)

Қолы _____

Подпись _____ (лауазымы, әскери атағы)

_____ (должность, воинское звание)

М.О./М.П.

22-бет / стр. 22

АА № 000000

Тағайындалды _____
 Назначен _____

20__ ж/г. «__» _____ приказ № _____
 бұйрық

М.О./М.П. _____
 (қолы/подпись)

Тағайындалды _____
 Назначен _____

20__ ж/г. «__» _____ приказ № _____
 бұйрық

М.О./М.П. _____
 (қолы/подпись)

Тағайындалды _____
 Назначен _____

20__ ж/г. «__» _____ приказ № _____
 бұйрық

М.О./М.П. _____
 (қолы/подпись)

23-бет / стр. 23

АА № 000000

17. Ерекше белгілер
 Особые отметки

24, 25-беттер / стр. 24, 25

АА № 000000

18. Отбасы жағдайы және отбасы құрамы
 Семейное положение и состав семьи
 (зайыбының тегі, аты және әкесінің аты, балаларының
 аттары, туған күні, айы мен жылы)
 (фамилия, имя и отчество жены, имена, число, месяц и
 год рождения детей)

26-бет / стр. 26

АА № 000000

19. Әскери есепке қабылдау
 Прием на воинский учет

<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20__ ж/г. «__» _____ _____ облысы/области _____ ҚІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Қолы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20__ ж/г. «__» _____ _____ облысы/области _____ ҚІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Қолы _____ Подпись М.О./М.П.</p>
<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20__ ж/г. «__» _____ _____ облысы/области _____ ҚІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Қолы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20__ ж/г. «__» _____ _____ облысы/области _____ ҚІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Қолы _____ Подпись М.О./М.П.</p>

27, 28, 29, 30, 31-беттер / стр. 27, 28, 29, 30, 31

АА № 000000

20. Әскери есептен шығарылғаны туралы белгі
Отметка об исключении с воинского учета

20 ____ ж/г « ____ » _____

_____ (аудан, қала, облысы/район, город, область)

ҚІБ (Б) есебінен алынды
Исключен с учета _____ У(О)ДО

_____ (есептен шығару себебі мен негізі)
(причина исключения с учета и основание)

Қолы
Подпись _____

_____ (лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)

М.О/М.П.

20 ____ ж/г. « ____ » _____


32-бет стр. 32

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің эмблемасы (сары жиегі және жұлдыздың ортасында сары түсті шұғылалы күн бейнесі бар қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз, сары түсті қалықтап ұшқан қыран) көлемі – 3,8 x 3,8 см бедерлі белгі түрінде әрбір беттің ортасында тұрады.



Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
2-қосымша

Әскери билет

<p>мұқабаның 4-ші беті / стр. 4 обложки</p>	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН</p>  <p>ӘСКЕРИ БИЛЕТ <i>ВОЕННЫЙ БИЛЕТ</i></p> <p>ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ</p> <p>мұқабаның 1-ші беті / стр. 1 обложки</p>
---	---

**ӘСКЕРИ БИЛЕТ
ВОЕННЫЙ БИЛЕТ**

AA № 0000000

Тегі/Фамилия _____

Аты/Имя _____

Әкесінің аты (ол бар болған кезде) /Отчество (при его наличии) _____

Туған күні, айы, жылы /

День, месяц, год

рождения _____

Иесінің өз қолы/Личная подпись владельца _____

Берілді/Выдан _____

(кім, қашан/кем, қолда)

фото сурет
үшін орын

20 ж. «__» _____

(көлемі 3x4)

(атағы, қолы/звание,

подпись)

1. Жалпы мәліметтер/Общие сведения

1

1. Туған жері/Место рождения _____

(ауыл, аудан, қала, облысы/край, район, город, область)

2. Ұлты/Национальность _____

3. Білімі/Образование _____

4. Мамаядығы/Специальность _____

5. Партияға, қоғамдық бірлестікке қатысуы/Принадлежность к партии, общественному объединению _____

6. Отбасы жағдайы/Семейное положение _____

AA № 0000000

**2. Әскери қызметке қатысуы/
Отношение к военной службе**

2

7. Әскери қызметке шақыру (запасқа шығару) туралы белгі/Отметка о призыве на военную службу (передаче в запас)

(әскери шақыру комиссиясының қорытындысы және дәлелі)

Белгіге жіберілді, запасқа шығарылған күні _____

қаскөлемі туралы шешім және дата направления _____

и военную часть, передала в запас) _____

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

8. Келісімшарт бойынша қызметке айқындау туралы белгі (жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру туралы белгі)/Отметка об определении на службу по контракту (о призыве на военную службу по мобилизации)

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

Келісімшарт бойынша қызметке айқындау туралы белгі (жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру туралы белгі)/Отметка об определении на службу по контракту (о призыве на военную службу по мобилизации)

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

Келісімшарт бойынша қызметке айқындау туралы белгі (жұмылдыру бойынша әскери қызметке шақыру туралы белгі)/Отметка об определении на службу по контракту (о призыве на военную службу по мобилизации)

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

AA № 0000000

3

9. 20 ж. «__» _____ негізінде
на основании

запасқа шығарылды (босатылды) және жіберілді
уволен (демобилизован) в запас и направлен

20 ж. «__» _____ белгіленген орынға келуге және әскери
есепке тұруға міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на
воинский учет

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

20 ж. «__» _____ негізінде
на основании

запасқа шығарылды (босатылды) және жіберілді
уволен (демобилизован) в запас и направлен

20 ж. «__» _____ белгіленген орынға келуге және әскери
есепке тұруға міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на
воинский учет

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

20 ж. «__» _____ негізінде
на основании

запасқа шығарылды (босатылды) және жіберілді
уволен (демобилизован) в запас и направлен

20 ж. «__» _____ белгіленген орынға келуге және әскери
есепке тұруға міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на
воинский учет

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

20 ж. «__» _____ негізінде
на основании

запасқа шығарылды (босатылды) және жіберілді
уволен (демобилизован) в запас и направлен

20 ж. «__» _____ белгіленген орынға келуге және әскери
есепке тұруға міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на
воинский учет

М.О.

М.П.

(атағы, қолы/звание, подпись)

11. Әскери антты/ Военную присягу 20__ ж. «__» _____

_____ қабылдады
(Әскери бөлімге/отры мамандығына/воинской части) **принял**

М.О. Әскери бөлім штабының бастығы/
 М.П. Начальник штаба воинской части

_____ (Атағы, қолы/звания, подпись)

12. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуы туралы белгі/Отметка об участии в боевых действиях _____

13. Соғыс уақытында пайдалану туралы қорытынды/Заключение об использовании в военное время _____

14. Мемлекеттік наградалармен, кеуде белгілерімен, құнды сыйлықтармен наградтау/Награждения государственными наградами, нагрудными знаками, ценными подарками _____

15. Әскери атақтар мен мамандығы бойынша сынныптылық беру/Присвоение воинских званий и классности по специальности

Әскери атағы, сынныптылығы/Воинское звание, классность	Бұйрықтың күні және нөмірі/Дата и номер приказа	Қолы, мері/Подпись, печать

5. Запастағы қызмет/Служба в запасе

16. Есепке алу санаты/ Категория учета	17. Есепке алу тобы/ Группа учета	18. Құрамы/Состав

19. ӘЕМ нөмірі мен коды, лауазымы және ерекше қызмет белгілері/Номер и код ВУС, должности и особых признаков службы _____

20. Лауазымының және әскери-әсептік мамандығының атауы (лауазымдық біліктілігі)/Наименование должности и военно-учетной специальности (должностная квалификация) _____

6. Ерекше белгілер / Особые отметки



7. Жұмылдыру нұсқамасын беру және алу туралы белгілер/Отметки о выдаче и изъяти мобпредписаний

Жұмылдыру нұсқамасы берілді/ Выдано мобпредписание	Жұмылдыру нұсқамасы алынды/ Изъято мобпредписание
---	--



AA № 0000000

12

Жұмылдыру нұсқамасы берілді/
Выдано мобпредписание

Жұмылдыру нұсқамасы алынды/
Изъято мобпредписание



AA № 0000000

13

**8. Әскери есепке қабылдау және есептен алу /
Прием на воинский учет и снятие с учета**

Есепке қабылданды/
Принят на учет

Есептен алынды /
Снят с учета



Есепке қабылданды/
Принят на учет

Есептен алынды /
Снят с учета



Есепке қабылданды/
Принят на учет

Есептен алынды /
Снят с учета



Есепке қабылданды/
Принят на учет

Есептен алынды /
Снят с учета

**9. Әскери міндеттіліктен босату туралы белгі/
Отметки об освобождении от воинской обязанности**

21. _____

Әскерге шақыру комиссиясының қорытындысы шығарылған күні/дата, заключение призывной комиссии

М.О.
М.П.

22. Әскери есептен шығарылды/Исключен с воинского учета

20 ____ ж. « ____ » _____

шекті жасқа жетуіне байланысты/за достижением предельного возраста

М.О.
М.П.



мұқабаның 3-ші беті /стр.3 обложки

мұқабаның 3-ші беті /стр.3 обложки

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің эмблемасы (сары жиегі және жұлдыздың ортасында сары түсті шұғылалы күн бейнесі бар қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз, сары түсті қалықтап ұшқан қыран) көлемі – 3,8 x 3,8 см бедерлі белгі түрінде әрбір беттің ортасында тұрады.



Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Запастағы офицердің уақытша куәлігі (әскери билет орнына)

